

"Бал Айн" бөбекжай бакынасы

Алғыс саған, Алтын күз!

Горбачі: Абубова Оліма
Елшанали Нұрсауте

Топ: "Балбобек" орталық тобы

2024 - 2025 ОКУ жылы

Алғыс саған, Алтын Күз

Балалардың күз мезгілі туралы алған білімдерін тиянактау, күз ерекшеліктерін, күз сыйын ұғындыра отырып, балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау.

Көрнекіліктер: Залдың іші күз мерекесіне сай безендірілген. Мысалы: шиырма - құстың, ағаштың, жапырактың суреттері, күз жәрменкесі, яғни - жемістер мен көкеністер салынған себеттер.

Жүргізуши:

Куандырып біздерді,

Мерекелі күз келді.

Кел жемісті алтын күз

Кемелденсін халқымыз.

Құрметті ата-аналар, балалар, тәрбиешілер «**Алғыс саған, Алтын күз**» атты ертеңгілігімізге қош келдініздер!

Жүргізуши: Шоғы толған гүлдей жайнап,

Шақырады жарқын жүз.

Сайрандаған күліп-ойнап,

Келді міне алтын күз.

I) Қызықтыру сәті: залға «**Күз ханшайымы**» кіреді.

Күз ханшайымы: Сәлеметсіндер ме балалар!

- Мені таныдыңдар ма?

- Не тойлап жатсыңдар?

- Күз туралы және он ың ерекшеліктері туралы кім біледі?

Балалардың жауабы: Күзде табигат ерекше күйге енеді. Жапырактар сары, қызыл болса, алқаптағы шөптер қоңыр, сарғыш түске боялады, құстар жылы жакқа ұшып кетеді. Күн біртіндеп қысқарады, жауын –шашын көбейіп, күн суытады. Күзде жеміс-жидектер, көкеністер, бақша дақылдары, егістіктегі астық пісіп, қамбаларға жиналады. Күз мезгілінде 3 ай бар, олар: қыркүйек, казан, қараша. Күз - жылдың берекелі мезгілі.

Күз ханшайымы: - Ой жарайсындар балалар

Кыздар биі «Колшатыр»

II) Жүргізуши: Жарайсындар, балалар. Ендеше Күз мезгіліне арнаған такпактарынды айта қойындаршы.

Али: Күз келді қараши,

Айнала сап – сары.

Астыққа толтырды,

Диқандар қамбаны.

Айзере:

Бау – бақшаны жинаймыз,

Дәруменге тоймай біз.

Жемістермен жидекті,

Балаларға сыйлаймыз.

Айсұлтан: Мерекелі күз келді,

Берекелі күз келді.

Астық толып қамбага,

Куанышты ел енді.

Аяла: Қараши күз келді,

Сап – сары бактарда.

Құстарда қайтады,

Жып – жылы жактарға.

Елнұр: Күз көңілсіз демендер,

Ол молшылық берекен.

Қыска азық беретін,

Колы жомарт кең екен.

Алдияр: Күздің әнін сұық жел,

Көңілсіз бір салады.

Аспан бұлтты жасыл жер,

Сап сары боп барады.

Айым: Эн салындар келіндер,

Жайнап гүлдей жүріндер.

Күздің тойын тойлайық,

Би билейік ойнайық.

Мейірман: Алқаптан бидайды,

Коймага ел жинайды.

Тырнасы тізілген,

Ұнатамын Күзді мей.

- **Күз Ханшайымы: Жарайсындар**, балалар, недеген тамаша. Балалар, ойын ойнауга қалай қарайсындар.

- **Балалар:** - Иә, ойнаймыз. «**Жемістер мен көкөністердің дәмін ажырата білесінбе?**» ойыны

III) Жүргізуі: Біреу астық түсіріп

Біреу бидай ұшырып

Жатқан мезгіл күз екен

Алдым соны түсініп – дей отырып келесі ән шашуымызды кабыл алыңыздар.

IY) «Күз келді» ХОР.

Інкәрім: Берекесін сыйлауға,

Өлкемізге күз келді.

Жемістерін жинауға,

Шақырады біздерді.

Ғалия: Сап сары маңай,

Сап сары тогай.

Соңғы әнін айтып,

Құс кетті қайтып.

Төре: Алакай! Алакай!

Шаттанды балакай.

Күз түсті, дән пісті,

Айтамыз алғысты.

Айнамкөз: Сарғайды тогай,

Сап сары маңай,

Соңғы әнін айтып

Құс кетті қайтып.

Хантөре: Алтын сары қызыл көк

Алуан алуан жапырак,

Күзгі бакта күлімдеп

Көз тартады атырап.

Бату: Алқаптан бидайды,
Коймага ел жинайды.
Тырнасы тізілген,
Ұнатамын Күзді мен.

Зулфия: Жапырақ ұшты,
Суыкта тұсті,
Сондада бізге
Қызық көп күзде.

Жүргізуіш: Күз ханшайымың біздің балаларымыңдың өнерлері бұнымен шектелмек емес. Балаларымың өте талантты, қане төрлетініз, біздің өнерімізді тамашалаңыз.

Жүргізуіш: Жатыр дала жалтылда,
Жаз шуағы мол қүйды.
Күн астында алтын дән
Тербеледі толқиды

VI) Көкөністер (Ұл балалар) би

Күз ханшайымы: Ой балалар менің көңіл-күйімді көтергендеріне сендерге көп-көп раҳмет. Өнерлерің үstem болсын өте талантты балалар екенсіндер, келесі күз келгенше білімдерінді де өнерлерінді де өрістете беріндер.

- «**Күз ханшайымы**» балаларға раҳметтің айтып қоштасады. Ал мен сендермен қош айтысамын, сау болындар. (Күз ханшайымы залдан шығып кетеді)

ХОР: Күз тамаша

Жүргізуіш:

Берекелі бақ дәulet,
Арта түссін тойланып.
Сау болындар балалар,
Келгенше жыл айналып.

Демекші міне балалар күзде аяқталып қалды, енді қылышын сүйретіп қыс келмекші. Күзге айттарымың берер сыйың жылдан-жылға көп болсын елде тыныштық болсын дейміз. Осымен «**Алғыс саған - Алтын Күз!**» атты ертенгілігіміз аяқталды көңіл қойып тыңдағандарыңызға раҳмет.

